

## Құрметті М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ұжымы!

Сіздерді тарихы тереңде жатқан ілкімді ізденістердің ұйытқысы, ғылым мен білімнің алтын ордасы – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің 80 жылдық мерейтойымен құттықтаймын! Сонау екінші дүниежүзілік соғыстың белең алып тұрған кезеңінде негізі қалаңған білім ордасы бүгінде қаншама шәкірттің қанатын қатайтып, ғылым нәрімен сусындатып, қоғамға зор үлесін қосуда. Іргелі қара шаңырақта елімізге белгілі және шет елге танымал тұлғалар Отандық білім мен ғылымның жандануына мұрындық болуда. Заңғар жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің есімімен аталатын білім ордасында Қазақстанға еңбек сіңірген білім, ғылым қайраткерлері, мәдениет және спорт майталмандарымен қатар шетелдік оқытушы-профессор құрамы әлемдік нарыққа сай мамандар даярлауда аянбай еңбек етуде.

Бүгінгі «Жаңа Қазақстанда» Сіздер баулыған түлектер тек өндіріс саласында ғана емес, елімізде жауапты қызметтер атқаруда және олардың ішінде ұлтымыздың маңдайалды тұлғалары мен қайраткерлері Тәуелсіз Қазақстанның өркендеп, қанат жаюына сүбелі үлес қосуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Ғылым мен технологияны, инновацияны дамыту – еліміздің бәсекеге қабілетін арттыратын негізгі саланың бірі. Біз отандық ғылымның басымдықтарын халықаралық талаптарға және ұлттық мүддемізге сәйкес айқындаймыз», – деген болатын. Университет бүгінде осы қағиданы берік ұстануда. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті – елімізде білім жапасы мен контингент бойынша бүгінде көш бастап отыр. Атап айтқанда, Сіздердің білім ордаларыңыз әлемдік және ұлттық рейтингтерде жыл сайын жетекші орын алып, Халықаралық және Ұлттық рейтингтерге топ жарып, жаһандық бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау жолында білім ордасы әлемдік ғылым ордаларымен иық тіресе қызмет атқаруда.

Білім ордасы 100-ден астам шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық орнатқанын барлығымызға белгілі.

Университет ұжымы алдағы уақытта еліміздің білімі мен ғылымының мәртебесін көтеріп, «Жаңа, Әділетті Қазақстанымыздың» дамуына елеулі үлес қосады деген сенімдемін.

Ұрпаққа бірегей білім мен тағлымды тәрбие беру жолындағы еңбектеріңізге толымды табыс тілеймін! Мерейтойларыңыз құтты болсын!

**ҚР Премьер-Министрдің орынбасары  
Т.Б.Дүйсенова**

